

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.IV. – Б. 104-106

БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨСІМДІК ЖАМЫЛҒЫСЫНДАҒЫ ДАРА ЖАРНАҚТЫЛАР КЛАСЫНЫҢ ОРНЫ

*Бақытова Г. А., 1-курс магистранты
М.Өтемісов атындағы Батыс
Қазақстан университеті Орал қаласы*

Батыс Қазақстан территориясы әкімшілік аумағына жатады - Батыс Қазақстан облысы, Ақтөбе облысы, Атырау облысы. Өткен жүз жылдықтың 50 жылдарынан бастап 80 жылдар арасында бұл территорияны профессор-ботаник В. В. Иванов зерттеді. Оның осы аумақта таралған өсімдіктердің 14 анықтамалығының шығарылымы жарық көрді. Оның ішінде дара жарнақтылар класына жататын бір тұқымдас қиякөлендер жарияланды, ал қалған тұқымдастар өкілдері қолжазба түрінде БҚУ-нің география және жаратылыстану факультеті биология және экология кафедрасында сақталған.

Біздің зерттеу нысаны Батыс Қазақстан аумағында таралған дара жарнақтылар класы. Дара жарнақтылар класының өкілдері жазықты, жартылай шөлейтті, шөлейтті жерлерде таралған. Сонымен қатар олар Жайық, Шаған өзендерінің жағалауларында кездеседі[1].

Сыни тұрғыдан барлық материалдарды қарастыра отырып, Батыс Қазақстан аумағында дара жарнақтылар класының 263 түрі, 78 туысы кездеседі (1-кесте).

1-кесте. Дара жарнақтылар класының флористикалық алуантүрлілігі

Класс тармағы		Тұқымдастар	Түр саны	Туыс саны
Алисматидтер (Alismatidae)	a.	Алисмалар (Alismatales)	7	2
	b.	Теңгебас (Butomaceales)	1	1
	c.	Шылыңдар (Potamogetonales)	16	3
	a.	Лалагүлділер (Liliceae)	56	13
	b.	Сүйсіндер (Orchidaceae)	7	1

Лалагүл (Lilidae)	c.	Елекшөптер (Juncaceae)	15	2
	d.	Қиякөлең (Cyperaceae)	97	47
	e.	Астық (Poaceae)	1	1
	f.	Балдыршөп (Lemneae)	5	1
	g.	Кірпібас (Sparganiaceae)	2	1
Барлығы:			263	78

Батыс Қазақстан аумағында кездесетін дара жарнақтылар класына жататын тұқымдастарының сипаттамасына кеңінен тоқталамыз. Алисматидтер (Alismatidae) класс тармағына жататын тұқымдастарға сипаттама:

- Алисмалар – көпжылдық (сирек біржылдық) шөптесін өсімдіктер. Тамырсабақтары өте қысқа, қалың. Жапырақтары ұзын сағақты. Су асты жапырақтары - сызықты, параллель жүйкеленген; жер үсті жапырақтары - ланцет немесе жұмыртқа тәрізді пластинкалы.
- Теңгебас (Butomaceales) - көпжылдық даражарнақты өсімдіктер. Сулы және батпақты жерлерде өседі. Биіктігі 40-150 см, сабағы жылтыр, қатты. Тамыр түбінен өсетін жапырақтары ұзын, төмен жағындағылары үш қырлы, жоғарғы бөлігіндегілері жалпақ, 5-10 мм. Судағы жапырақтары таспа тәрізді ұзын болады. Жемістері суда жақсы жүзеді, желмен және ағынмен таралады. Үй малдары жемейді, бірақ қояндар мен бұғыларға азық болып табылады.
- Шылындар (Potamogetonales) - суға батып өсетін көпжылдық өсімдіктер. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, сағақты немесе отырмалы, пішіні мен өлшемдері әртүрлі, жіп тәрізді және сопақшадан шар тәріздіге дейін болады. Барлығы су астында немесе су бетінде қалқып тұрады. Гүлшоғыры сұр-жасыл немесе қоңыр-жасыл масақ. Гүлдері қос жынысты, ұсақ, көп[2].

Лалагүл (Lilidae) класс тармағына жататын тұқымдастардың биологиялық сипаттамалары:

- Лалагүлділер – дара жарнақтылардың негізгі тұқымдастарының бірі. Бұл гүлдер әдетте қос жынысты, актиноморфты болып келеді. Гүлсерігі жиі 2 үш деңгейлі шеңберден тұрады, оның ішкі және сыртқы шеңберлерінің бір-бірінен айырмашылығы жоқ, сирек – гүлсерігі төрт деңгейлі болады. Жемісі – жидек және қорапша (3 ұяшықтанған). Жапырағы жиі шоғыршақ, кей кезде 2 жапырақты не 4 жапырақты болады. Вегетативті көбеюі: өнім жуашығы (Gagea, Allium), бадана (Tulipa, Ornithogalum), түйнек бадана (Fritillaria), тамыр сабақ (Convallaria, Asparagus, Polygonatum). А.Л.Тахаджянның (1966 ж.) тұжырымы бойынша ең ескі түрі – тамыр сабақ, ал жасы, соңғысы – жуашықты түрі. Бұл тұқымдастар алкалоидтарға бай. Көбісі сәндік өсімдік. Тұқымдардың таралу әдісі

бойынша жиі баллист-анемохорға, сирек – зоохорға жатады, көбісі – мирмекофильді болып келеді[3].

- Сүйсіндер (Orchidaceae) - даражарнақты өсімдіктердің ең үлкен тұқымдастарының бірі. Тіршілік формасы – көпжылдық кұрлықтық немесе эпифитті шөптесін өсімдіктер. Жапырақтар бүтін жиекті, кезектесіп орналасқан. Гүлдері зигоморфты, қос, дара жынысты, жеке немесе масақ гүлшоғырына топталған. Гүлсерігі 6 жапырақшадан тұрады, олар екі шеңберде орналасқан[4].
- Елекшөптер (Juncaceae) - бір жылдық немесе көпжылдық шөптесін өсімдіктер, сирек бұталар. Сабағы жұмыр, кейде қабысыңқы, іші қуыс, сырты жапырақты, кейде жапырақсыз. Жапырақтары жалпақ немесе жұмыр. Гүлдері қос жынысты, ұсақ, көкшіл, сарғыш, қоңырқай түсті, 6 желектен тұрады. Аталығы 6, кейде 3, аналығы – біреу. Гүлшоғыры шашақ немесе шатырша тәрізді. Жел арқылы айқас тозаңданады. Жемісі – қорапша, бір немесе үш ұялы. Ірі үш тұқымды немесе ұсақ көп тұқымды. Елекшөптер тұқыммен немесе вегетативті жолмен тамырсабақ арқылы таралады.
- Қиякөлеңдер (Cyperaceae) көпжылдық шөптесін, сирек ұзын немесе қысқа тамырсабақты біржылдық өсімдіктер. Көбінесе батпақты жерлердің өсімдік жамылғысын құрайды. Сабақтары үш қырлы, бірақ цилиндо тәрізді болуы да мүмкін. Жапырақтарының орналысуы үш қатарлы. Жапырақтары сабақтың жоғарғы жағында орналасады, таспалы немесе таспалы-ланцеггі, көп жағдайда шеттері томен қарай қайрылған, қынапшасы барлық уақытқа жабық болып келеді, іілшесі болмайды. Гүлсерігі болса жай 6 немесе 3 қабыршақтардан тұрады, көбінесе түкшелерге түрі өзгерген. Андроцейі әдетте, бір шеңбердің бойына орналасқан 3 аталықтан тұрады. Гинецейі 3 немесе 2 жеміс жапырақшадан тұрады. Барлық дерлік қиякөлеңдер – жел арқылы тозаңданады[5].
- Астық тұқымдасы (Poaceae). Тіршілік формасы – көпжылдық және (сирек) біржылдық шөптесін өсімдіктер, бірақ көпжылдық тамырсабақты түрлері басым. Барлық дерлік өкілдернің сабақтары – цилиндр тәрізді сабан. Сабандарында жақсы көрінген түйіндер мен олардың негізінде интеркалярлы меристемасы бар қуыс аралық түйіндер бар. Гүлшоғыры – күрделі масақ, сыпыртқы.
- Балдыршөп (Lemneae) - су бетінде қалқып немесе су ішінде өсетін көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Жапыраққа айналған сабағының ұзындығы 3—10 мм, ені 2—3 мм-дей, сопақша немесе домалақ пішінді болады. Жапырақтары жойылып кеткен не жұқа қабыршақ түрінде сақталған, сондықтан Балдыршөп тұқымдасының денесі жапырақтың да, сабақтың да, кейде тамырдың да қызметін атқарады. Балдыршөптер сирек гүлдейді.

Өте ұсақ гүлдері дара жынысты. Аталық және аналық гүлдері бір жерде топтасып гүлшоғырын құрайды.

- Кірпібас (*Sparganiaceae*) ұзын жапырақтары бар суға жартылай батырылған аласа (80 см-ге дейін) өсімдіктер. Кейбір түрлерде жапырақтары айтарлықтай етті және үш қырлы. Терең немесе ағынды суларда өмір сүретін түрлердің лента тәрізді жапырақтары толығымен су астында немесе олардың жоғарғы бөлігімен су бетінде төсеніш құрайды. Жапырақ тақталары ені 3-тен 12 мм-ге дейін, ашық жасыл, күздің соңына дейін түсін сақтайды. Гүлі дара жынысты, ұсақ, жұмыр гүлі қою, шар пішіндес, оның аталық гүлі жоғары, ал аналығы төмен орналасқан. Жемістер сумен және желмен таралады[6].

Қорыта келе, дара жарнақтылар көпшілік түрінің шаруашылық маңызы өте зор. Профессор-ботаник В.В.Ивановтың қолжазбалары бойынша Батыс Қазақстан аумағында дара жарнақты өсімдіктердің 263 түр және 78 туыс саны кездеседі. Аймақтың жазықты, жартылай шөлейтті, шөлейтті жерлерде таралған. Дара жарнақты өсімдіктерден адамдар ең маңызды қоректі өндіреді. Дара жарнақтылар көптеген фауна өкілдерінің азығы, сонымен қатар сәндік мақсатта, халық шаруашылығында және ғылыми медицинада кең пайдаланылады. Алайда көптеген құбырлар мен әр түрлі инфрақұрылымдардың күрт артуына байланысты бұл тұқымдасқа жататын өсімдіктер саны және популяциясы кемуде. Сондықтан дара жарнақтылар класының флористикалық құрамын анықтау маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Modeling soilerosin in the Chagan river basin of the west Kazakhsatan with using RUSLE and GIS tools//Darbayeva,T; Ramazonova,N; Chashina,B; Berdenov,Zh; Mendybayev,E; Journal of Environmental Biology, всп. Special Issue; Lusknow Tom41, изд.2, (Mar 2020): 396-404. DOI: 10.22438/jeb/41/2(Si)/JEB-18
- 2 Иванов В.В. Определитель некоторых водных высших растений Северного Прикаспия // Материалы по флоре и растительности Северного Прикаспия. – Л.,1969, Вып. 4, ч. 1. – 55 с.
- 3 В.В.Иванов Солтүстік Каспий аумағының өсімдіктер жамылғысының биоалуантүрлілігі. Лалагүлділер мен алаботалар тұқымдастары (В.В.Иванов мұрасы): анықтамалық құрал/ ауд: Манкешева Н., Бушбай Ұ., Үсенхан С. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ, 2021. – 78 б.
- 4 Ботаника: Учебник для студ. Высш. Учеб. Заведений / Е.И. Барабанов, С.Г.Зайчикова. – 3-е изд., стер. – М. : Издательский центр «Академия», 2010. – С. 365-367

- 5 Иванов В.В. Осоковые Северного Прикаспия // Материалы по флоре и растительности Северного Прикаспия. – Л., 1968, Вып 3, ч. 1. – 37 с.
- 6 Иванов В.В. Определитель растений Северного Прикаспия: Маревые, Лилейные. – Л.: Наука, 1989. – С. 72-88.